

Ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларды қоғамға бейімдеудегі әлеуметтік педагогтың психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу жұмыстары

Аңдатпа. Мақала қоғамдағы өзін-өзі қорғай алатын, дені сау, ақыл-есі дұрыс адамдар тарапынан көрсетілетін зорлық-зомбылық, кемсіту, намысына тиетін әрекеттерге ұшырайтын әлеуметтік топтар мен гаріп балалардың хал-жағдайын жақсарту шараларын сипаттауға арналған. Зерттеу жұмысы ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларды қоғамға бейімдеу үшін әлеуметтік педагогтың рөлі мен психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу жұмыстарының түрлерін сипаттау мақсатында жазылды.

Зерттеу барысында алынған ғылыми нәтижелер бойынша, гаріп адамдарды, басқа ұлттың өкілдерін, әлеуметтік мәртебесі төмен қоғам мүшелерін кей жағдайда кемсітетін, қорлайтын көзқарастар орын алатыны анықталды. Гаріп балаларды қоғамның толыққанды мүшелерінің қатарына тарту үшін инклюзивтік мектептерде оқытудың қажеттілігі көрсетіледі, гаріп балалардың жай мектепте оқу үшін олармен арнайы психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу жұмысының керектілігі анықталды. Осының негізінде психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу жұмысының қызметтері (өрістету, дамыту, ынталандыру, өтемділік, өрістету-түзету), психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу жұмысының деңгейлері, баланың психикалық хал-ахуалын үнемі бақылау, гаріп баланың жеке және топтағы оқу үдерісін бақылау жұмыстары қарастырылды. Зерттеу барысында сипаттау, талдау, бақылау әдіс-тәсілдері қолданылды.

Түйін сөздер: гаріп балалар, инклюзивтік мектеп, өтемділік қызмет, түзету-дамыту қызметі, ерекше білім беру қажеттілігі бар балалар, мейнстриминг.

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-6895-2020-133-4-114-122>

Түсті: 7.04.2020 / Жарияланымға рұқсат етілді: 21.04.2020

Кіріспе. Гаріп балаларды қоғамға бейімдеу мәселесі бүгінгі күнде көкейкесті мәселенің бірі болып табылады. Қоғам мүшелері үшін осындай қызметтің маңыздылығы зор, себебі оны орындауда адамдар рухани қанағатты алумен қатар, қоғам үшін оның саяси және экономикалық маңыздылығын сезінеді. Гаріп балаларға барынша көмегін аямай беру, қол үшін созу барлық адамның парызы болса, мұндай әрекет маманданған әлеуметтік педагогтардың тікелей міндеттері. Осындай қиын, бірақ қайырымды жұмысты атқару барысында, ең алдымен, балаларды жасытпайтын,

төмендетпейтін шараларды қолданған маңызды болып саналады.

Солардың ішінде, қолданылатын бастапқы шараның бірі – (политкорректность), яғни саяси ізеттілік. Осы түсінік бастапқы кезде Америкада қолданылды. Бұл мемлекетте осы түсінік – ұран ретінде қарастырылды, себебі осындай ұран АҚШ-тың ымырашыл саясатын белгілеу үшін пайдаланылды. Н.М. Комлевтің пікірінше, саяси ізеттілік ұраны Америка қоғамының азшыл топтарын (ұлттық, сексуалдық) атау үшін пайдаланылған. Оларға төзімді болуды шақырған, мәселен, негіз сөзінің орнына

«афроафриканец» деген сөзді, ал *сал, жарым-жан* деген сөздердің орнына «демеуді қажетсінушілер» тіркесін қолдануды жөн көрген [1]. С.Г. Тер-Минасова саяси ізеттілікті евфемистік тәсілдердің түріне жатқызған. Ғалым осындай тәсілдерді «тілдік тәсілдер» деп санайды. Олар адамдардың намысына тиетін, жеке тұлғаның қадір-қасиетін таптайтын, адами құқықтарына шек қойғызатын әдепсіз сөздерді қолдануға тыйым салуға әсерін тигізеді, себебі әдепті сақтамай басқа ұлтқа жататын адамдарға, егде жастағы қарттарға, әлеуметтік мәртебесі төмен қоғам мүшелеріне, ғаріптерге намысына тиетін, кемсітетін сөздердің орнына пайдаланып, адамдарды қорғауға арналған [2].

Басқа ұлттың өкілдерін, қоғамдағы әлеуметтік жағдайы төмен мүшелерін, ғаріп адамдарды кемсітуге болмайды. Әрбір қоғам оларды кемсітетін, намысына тиетін сөздерді, лақап аттарды қолдануға тыйым салады. Сонымен қатар, этникалық тысқары пікірлерді де қолдануға болмайды. Т.А. ван-Дейк осындай пікірлерге ұлттық нышан бойынша кемсітетін сөздерді жатқызады. *Мысалы, аққұлақ, қара, макарон жейтін, бақа жейтін, фриц, негір және т.б.* [3]

Мәселенің талқылануы. Әлеуметтік педагогтың ғаріп балаларды қоғамға бейімдеу барысында орындайтын жұмысының бірі – осындай дөрекі, балалардың жанын азаптайтын, олардың хал-ахуалын одан сайын төмендететін сөздерді қолдануға тыйым салу, балаларды кемсітетін ортаға жібермеу және оларды қоршайтын адамдардың сөзін, әдебін бақылау, үнемі қадағалаудың қажеттілігін ескеру.

Қазіргі халықаралық қоғамдастықтарда жаңа мәдени норма қалыптасты. Сол әдептер ұстанымында адамдардың арасындағы әртүрлілікті байқамау, оған назар аудармау, оларға мойынсұну, ережесі бекітілді. Сонымен қатар, әрбір адамның даралыққа құқықты екені ескерілді. Қоғам мүшелерінің ерекшеліктерін, соның ішінде, білім саласындағы өзгешеліктерін мойындауға назар аударылды [4].

Алайда, Қазақстан Республикасында ерекше білім беру қажеттілігі бар балалар үшін

толық жағдай жасалуда. Мемлекетімізде басқа мемлекеттермен қатар халықаралық құқықтық актілерді бекітумен қатар, БҰҰ-ның «Мүгедектердің құқығы туралы» (2016) «Білім саласындағы кемсітушілікпен күресу» Конвенциялары (2017) да мақұлданды. Осы шаралар мемлекеттің әр мүшесін кемсітуге ұшыратпауға, сапалы білім беруге бағдарланған. Әр қоғам мүшесінің құқығын қамтитын еліміздің саяси ерігін білдіреді [4].

Мәселен, зертеушілер Т.С. Джаниева, О.С. Орлованың айтуынша, Қазақстанда, біріншіден, мүмкіндігі шектеулі субъектілер үшін арнайы ұлттық психологиялық-педагогикалық көмек жүйесі құрастырылды; екіншіден, мемлекетімізде ғаріп адамдарды, ерекше білім беру қажеттілігі бар қоғам мүшелерін жебеу үшін «әлеуметтік жәрдем жүйесі» құрастырылды [5]. Осы жүйенің негізгі жұмысы ғаріп адамдар тобына көмек көрсетіп, қолдауға арналған мемлекеттік саясаттың ұстанымдарын білім, медицина, әлеуметтік салаларда қолдап, жергілікті мекемелерде жүзеге асыру. Осындай жүйенің жұмысы 5 деңгейде өткізілетін болып жоспарланды. Әлеуметтік қолдау жүйесі жұмысының бірінші деңгейін жүзеге асыру барысында қоғам мүшелерінің ғаріп адамдарды кемсітетін, жәбірлейтін қатынастарын жоққа шығарып, жоюға жағымсыз қатынастарды болдырмауға, мүмкіндігі шектеулі адамдарға көмек көрсету қажеттілігін сезінетін, жебеп, жағымды қатынастарды көрсетуге бағыттау. Қазақстанда шектеулі мүмкіншіліктері бар адамдарға деген ерекше көзқарастар пайда болуы мүмкін. Осы көзқарастардың негізі – діни ұстанымдар. Мұсылмандық тағылымдар бабынша, мүгедектік – күнә үшін берілген жаза, себебі мүгедек адам – күнәһар. Сондықтан да халықтың көпшілігі (діни ұстанымдарды сақтайтындар) мүгедек адаммен қарым-қатыныста болғысы келмейді, өйткені оны кемтар деп санайды. Ал кемтарлық – адамның психикасының немесе дене құрылысының кемістігі. «Оның мүкістігі құдай кінәсі үшін берген жазасынан», – деген пікір орын алуы мүмкін, «сондықтан ондай кемтарлармен қатынасты ұзу қажет, әйтпесе сол күнә басқаға көшуі мүмкін», – дейді. Сол

ебепті кемтар адамдардан қорқады. Олардан қорғану үшін сақтандыратын тетіктер – қолданылған когнитивтік таптауырындар. Олар кемтарлықты ата-аналардың күнәһар өмірді сүргені үшін балаға берген жазасы деп түсіндіреді. Шыңғысханның «Жасақ», «Білш», «Жасы» заңдар жинақтарында (1206) бірінші рет әлеуметтік әділеттілік жүзеге асырылды. Шыңғысханның енгізген ережесі бойынша рудағы адамдардың бәріне тең құқықты қатынасты көрсету керек. Осы талапты қадағалау жөн [6].

Ғаріп адамдарға әлеуметтік қолдау көрсету жүйесінің екінші деңгейі XIII-XVIII ғғ. мерзімінде жүзеге асырылды. Осы мерзімде шетелдіктер ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларға әлеуметтік көмекті жетім сәбилер баспаханасы немесе сопылық монастырлер қабырғаларында көрсете білген. Ал Ресейде көзі көрмейтін және құлағы естімейтін балаларға арналған бірінші мектептер тек XIX ғасырдың басында ғана ашылды. Қазақ жерінде ғаріп балаларға арналған мектептерді ашу мәселесі, тіпті, жолға қойылмады.

Қалған үш деңгейде ерекше қажетсінулері бар балаларға көмек беру шаралары инклюзивтік мектептерді ашуды ұйымдастырып, оның жұмысын қадағалап қолдаумен байланыстырылады.

Инклюзия оқушылардың әртүрлілігін ескеретін әдіс, осы әдісті қолдану барысында оқу жоспарлары мен мақсаттары оқушылардың мүмкіншіліктеріне және қажеттіліктеріне орай ретке келтіріледі [7].

Әлеуметтік педагогтың ғаріп балаларды қоғамға бейімдеу жұмысының екінші түрі – оларға инклюзивтік білім беруді ұйымдастыру. Оны ұйымдастыру үшін қажетті шараларды қолдану қажет. Ондай шаралардың бірі – «инклюзивтік оқу» туралы түсінікті «ғаріп баланың» ата-анасына, мектептегі мұғалімдер ұжымына, оқушыларға қолжетімді деңгейде жеткізу, себебі қоғамда әлі де болса ғаріп балаларды арнайы мектептерде немесе жеке түрде оқыту қажет деген теріс пікір әлі де болса кең таралған. Ал «инклюзия» адамның құқығын сақтауға кепілдеме беретін Конституция заңына негізделген көзқарастар жүйесі.

Дамуында ақауы бар балалар өздерінің дені сау, ақыл-есі дұрыс құрдастарымен бір ұжымды болуына құқылы екенін құптайтын көзқарас. Ғаріп балалар өздерінің шамасына қарай білім алып, ойын, ақыл-есін өрістету мүмкіншілігіне ие болады, соның арқасында келешекте қоғамның өміріне қатыса алады [8, 204].

Қазақстанда білім жүйесіне инвестицияларды салуға көп көңіл бөлінсе де, сапалы деңгейдегі инклюзивтік білімді, Каталина Деванда Агилардың, БҰҰ-ның мүгедектердің құқықтары бойынша баяндама жасаушының пікірінше, тек шамалы ғана ғаріп балалар алып жатыр. Ал зертеуші Хьюман Райс Вотч Республиканың бес қаласындағы (Алматы, Астана, Қостанай, Қызыл-Орда, Шымкент, Талдықорған) бес инклюзивтік мектептерде, төрт арнайы түзету – өрістету мектептерінде болып, сол инклюзивтік мектептердегі ғаріп балалардың жағдайларын сипаттаған. Олардың айтуынша, инклюзивтік мектептерде ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларға әлі де толық жағдай жасалынбаған.

Инклюзивтік оқу үдерісін ұйымдастыру үшін әлеуметтік педагог жұмысын алдын-ала жоспарлап, ақпаратты, мәліметтерді газет, радио, теледидар арқылы жинақтап, жан-жаққа таратады. Сонымен қатар, педагог ғаріп балаларды мектептерге орналастыру үшін білім, денсаулық, әлеуметтік қорғау істеріне жауапты мекемелермен тығыз байланысты болуы керек. Тағы бір назар аударатын жәйт: 1) инклюзивтік сыныпта істейтін мұғалімдердің оқу-тәрбие бағдарламаларын тексеріп, қадағалау арқылы барлық оқушылар үшін оқу-тәрбие бағдарламасы қойылатын талаптарға сай жасалуын және оны ерекше білім беру қажеттілігі бар балалар үшін оңайлатып, жеңілдетуді ескеруі тиіс.

Мәселен, Б.В. Белявский келесі жағдайды ескертеді: «Инклюзивтік оқу үдерісі келесі жағдайда ойдағыдай жүзеге асырылады, егер дені сау, ақыл-есі дұрыс балалармен оқитын ерекше білім беру қажеттілігі бар балалардың қажеттері толық қанағаттырылса» - дейді [9]. Сол қажеттердің ішінде тапсырмаларды жеңілдету жұмысына назар аударады. Себебі ғаріп балалар шаршап, мезі болмағаны жөн.

ЦПД-ы бар балалар өз қимылдарын жақсы үйлестіре алмайтындықтан, сөзі бұзылғандықтан оларға орындайтын тапсырмаларды толық көлемде бермейді. Қажет болса, осындай балаларға карточкалар және тестілер таратылады. Сонымен қатар, емтиханды да олар жеңіл түрде тапсырғаны жөн, себебі олардың психикасының ерекшелігін ескеру қажет: оларға шаршағыштық, көңілінің ауытқушылығы тән. Сондықтан оларды емтихандарды тапсыру кезінде аяушылық жасап, көмек көрсеткен жөн. Инклюзивтік оқу үдерісін ұйымдастыру барысында әлеуметтік педагогтың тағы бір ескеретін жағдайы, ғаріп балалар оқитын мектептер мен оқу бөлмелерін олардың ыңғайларына орай қайтадан жарақтандыру қажет, себебі ЦПД-ы бар балалар үшін кедергісіз ортаны жабдықтаған жөн, өйткені олар оқу мекемесінің барлық бөлмелерінде еркін қозғалу керек. Ғаріп балалар отыратын үстелдер мен парталардың жанында бос орын көлемі жеткілікті болғаны дұрыс, өйткені бұндай балалар еркін тұрып партадан шығуы үшін қоршайтын кеңістік кең болғаны дұрыс. Үстел үстінде жататын оқулықтар мен оқу құралдарын емін-еркін ауыстыру, қозғау үшін де кең орынды қалдыруды жоспарлаған жөн.

Балаларды инклюзивтік мектепте оқыту үшін оларды келесі өлшемдерге сәйкес таңдап алу қажеттігін де ұмытпау керек: баланың ақыл-есі кем төмен деңгейде болмау керек; көзі көріп, сөзі қатты бұзылмағаны, құлағының да мүкісі тым аздау болғаны жөн. Ерекше білім беру қажеттілігі бар балалардың сіңірі де құрысып, тартылып қалмауын ескерген жөн. Сонымен қоса, бұндай бала өзіне-өзі қызмет ете алатын болу керек.

А.Г. Бердникова психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу жұмысының келесі міндеттерін көрсетеді. Оларға келесілерді жатқызуға болады: 1) оқу үдерісінің компоненттерін және құралдарын психологиялық экспертизадан өткізу; 2) оқу үдерісіне қатысы барлық адамдардың психологиялық компетенциясын арттыру; 3) оқушылардың психологиялық мәселерін алдын-ала біліп алып шешуге тырысу; 4) балаға технологиялық көмегін беру,

қоғамды әлеуметтендіру ісін жүзеге асыру [10].

Психологиялық-педагогикалық және әлеуметтік сүйемелдеу жұмысының төмендегі түрлерін сипаттап, А.Г. Бердникова олардың келесі түрлерін атап көрсетеді:

1. Алдын-ала өткізілетін ағарту қызметін орындау, яғни педагогтар, ата-аналар, мектеп әкімшілігі үшін семинарларды ұйымдастыру, ата-аналар клубын ашу, конференцияларды өткізу, газеттерде арнайы мақалаларды жариялау, ата-аналарды, мұғалімдерді мақала жинақтарымен, хрестоматиялармен қамтамасыз ету.

2. Жеке және топтық форматты диагностикалық жұмыстарды өткізу. Ол үшін тестілерді қолдану, тестілірмен жұмыс істеу әдістемесін игеру.

3. Оқу үдерісінің барлық қатысушыларына консультациялар беру. Ол үшін қажетті бағытты таңдап алып, сол бағытта консультацияларды өткізуді ұйымдастыру.

4. Түзету жұмысы. Коррекциялық жұмыс арнайы мамандарды шақырып алып, балалармен медициналық консультацияларды ұйымдастыруды көздейді [10].

Ал Э.Н. Семичева да психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу жұмысының негізгі міндеттерін сипаттап, түрлерін көрсетеді. Зерттеушінің пікірінше, әлеуметтік педагогтар ғаріп балалардың ата-анасымен де қоян-қолтық араласқаны жөн. Ерекше қажетсінулері бар балалармен істейтін жұмысты «психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу» деп атайды. Осындай жұмысты әлеуметтік педагог орындау барысында алдын алатын жұмысты баланың ата-анасымен де жүргізеді: оларға консультацияларды ұйымдастырады, анасына баланың психикалық хал-жағдайын бақылау тәсілдерін үйретеді, баламен эмоционалдық қатынасқа кірудің әдістерін де көрсетіп, психокоррекциялық сабақтарға қатысуды ұйымдастырады.

Баланың отбасымен өткізілетін әлеуметтік-психологиялық жұмыстың мақсаты – кешенді көмекті ұйымдастыруда, ал негізгі міндеттері мынадай:

1. Баланың және оның ата-анасының тұлғаларын жете зерделеу, олардың қарым-қатынастар жүйелерін зерттеу;

2. Баланың және отбасының айналасын тексеру;

3. Баланың құрдастарымен қарым-қатынастарын жалғастыру, қолғабыс көрсету дағдыларына үйрету;

4. Ғаріп балалардың сенсорлық-перцептивтік зияткерлік үдерістерін дамыту;

5. Балалардың қарым-қатынасында пайдаланатын коммуникативтік дағдыларын арттыру [11].

Мысалы, Т.С. Малкина да ерекше білім беру қажеттілігі бар балалармен келесі психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу жұмысының 4 түрін міндетті түрде өткізудің қажеттілігіне назар аударады. Психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу жұмысын ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларға қолданылатын әлеуметтік-психологиялық және педагогикалық жағдайлардың кешенді жүйесі деп белгілеген [12].

Осындай жүйе жалпы білім беретін мекемелердің жағдайында бірнеше қызметтерді атқарады: 1) Өтемділік қызмет. Бұл қызметтің мақсаты: ғаріп балаларды дені сау балалардың қатарынан қалмай дамыту үшін ерекше жағдайларды жасап, олардың ынтасын оятып, қызығушылығын арттыру. 2) Ынталандыру қызметі: бұл қызмет ғаріп балалардың ынтасын, жігерін арттыруға бағыттаған; 3) Өрістетуші қызмет. Ол ғаріп балалардың дені-сау балалардың ортасында дамуын қамтамасыз етеді. 4) Түзету-өрістетушілік қызмет баланы психологиялық-педагогикалық қолдауды қамтиды.

Инклюзивтік білім ерекше білім беру қажеттілігі бар балалардың өмірін жақсартып, өмірден үмітін үзбей, келешегі жарық екеніне сендіруге мүмкіншілік тудырады. Инклюзивтік оқудың тағы бір түрі – мейнстриминг стратегиясын жүзеге асыру [13]. Бұл жағдайда ерекше білім беру қажеттілігі бар балалар өздерінің құрдастарымен бірге оқудан тыс уақытта араласады: мейрамдарда, фестивальдарда т.б. Осындай мерекелік шараларға

қатысу, ғаріп балалардың әлеуметтік ортаға бейімделу дағдыларын арттырады.

Осындай жұмыс түрлерінің негізгі принципі – инклюзия философиясы принципі негізінде ұйымдастырылады. Сондықтан сүйемелдеу жұмыстарының түрлері төмендегі ұстанымдық тағылымдарды қамтиды. Ондай принциптерді былай жіктеуге болады:

1) гуманистік бағытты оқу үдерісінде жүзеге асыру принципі. Ол баланың өзіндік тұлғасын құрметтеп, даралығын өрістетуге көздейді;

2) баланы жеке түрде оқыту принципі. Баланың жеке мінез-құлық ерекшелігін, даму-өрістеу деңгейін ескеру негізінде жеке түрдегі жұмысты ұйымдастыру;

3) баланы оқыту барысында негізгі болып іс-қимылдық принцип табылады. Баланы ойын арқылы оқыту;

4) баланы әлеуметтік-психологиялық жағынан қорғау, мұғалімдер мен баланың диалогтық әрекеттесуін ұйымдастыру;

5) баланың өзіндік жұмысын қолдау, белсенділігін арттыру;

6) оқу үдерісіне барлық қатысушыларын қатыстыру, бірге жұмыс істеуін қамту;

7) баланың отбасын, мектептің, әлеуметтік-педагогтың серіктестік қарым-қатынасын ұйымдастыру [14].

Зерттеуші ғалымдар: И.В. Смолярчук, В.М. Толстошеина, Н.В. Вязовалар сүйемелдеу жұмысын ұйымдастыратын принциптерді сипаттаумен қатар, психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу жұмысының моделін де ұсынады. Сол модель инклюзия философиясы принципіне негізделген. Авторлар өз мақаласында ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларды дамыту және әлеуметтендіру моделін көрсеткен. Бұндай модельді құруда келесі мақсат көзделген: балалардың жаңа әлеуметтік даму жағдайында психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу жұмысын қамту [14].

Қазақстандағы ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларды оқыту үшін бүкіл әлемде қабылданған осы модель қолданылады. Бұл модель «Ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларды қолдау және бағалаудың әлеуметтік-педагогтық моделі» деп аталады. Осы модельде

келесі ұстанымдар айқындалған: отандық оқу білім жүйесі кемеліне жетілмегендіктен, оқушылардың әртүрлі қажеттіліктерін ескеріп, дайын болмағандықтан ерекше білім беру қажеттілігі бар оқушылар талай қиындықтарға шалдығады. Берілетін баға адамның қажеттілігін ескеру негізінде қойылады, ал оқу үдерісі – оқу барысында қолдау және қоршаған ортаға бейімдеу факторлары негізінде құрастырылады [15].

Модель төменде көрсетілген:

1. Ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларды қолдау мен бағалау моделі

психологиялық дамуының ерекшелігін бақылау жұмыстарын ұйымдастыру керек.

Төртінші деңгейде – әлеуметтік педагогтың баламен жеке бағдарлама бойынша және топта оқыту бағдарламалары бойынша оқығанын қадағалауға тиісті.

Демек, психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу жұмысы ғаріп балаларды құрдастарымен қатар дамуына бағытталған. Оларды инклюзивтік мектепке өз қатарындағы (жасы бойынша) балалармен бірге оқытуға мүмкіндік жасауды және жан-жақты дамытуды қамтиды.

Ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларды сүйемелдеу және бағалаудың медициналық моделі	Ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларды сүйемелдеу және бағалаудың әлеуметтік-педагогикалық моделі
Бұл модель төмендегідей түсінікке негізделеді: баланы оқытуда кездесетін қиындықтар мәселесі баланың өзінің хал-ахуалының жағдайымен байланысты, сондықтан оны қалыпты емес, кемістігі бар бала деп санайды. Балаға берілген баға оған қойған медициналық диагнозға сүйенеді, ал оқыту үдерісі-түзету әрекетіне бағытталады.	«Қоғамдық оқу жүйесі кемелденіп жетілмегендіктен білім беретін мектептердің жағдайлары оқушылардың әртүрлі қажеттіліктерін қанағаттандыра алмайтындықтан, оларға сәйкес келмегендіктен ерекше білім беру қажеттілігі бар балалар оқу барысында қиындықтарға шалдығады» деген түсінікке негізделген. Балаларға берілетін баға баланың қажеттіліктерін ескерсе, ал оқыту үдерісі - оқыту барысындағы қолдауды және қоршаған ортаның факторларына бейімдеуді қамтиды.

Қазіргі кезде инклюзивті оқытуға жалпы мектептерде арнайы осы әлеуметтік-педагогикалық модель қолданылады [4,10], [15].

Қорытынды. Ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларды психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу жұмысының бірнеше деңгейін белгілеуге болады.

Бірінші деңгейде – баланың өзіне және оның отбасына арнайы папка ашып, мәліметтер банкі жасау қажет. Бұндағы жинақталған мәліметтер баламен және оның ата-анасымен жұмыс істеу үшін арнайы жеке бағдарламаны жасауға себебін тигізеді.

Екінші деңгейде – баламен психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу жұмысын өткізетін қызметкерлермен қарым-қатынастарды құрып, жалғастыру қажет.

Үшінші деңгейде – ғаріп баланың денсаулығын, психикалық хал-ахуалын тексертіп

Анықталған ғылыми нәтижелер: ғаріп адамдарды, басқа ұлттың өкілдерін, әлеуметтік мәртебесі төмен қоғам мүшелерін кей жағдайда кемсітетін, қорлайтын көзқарастар орын алатыны анықталды; осындай теріс пікірлердің қажетсіздігі дәлелденді; ғаріп балаларды қоғамның толыққанды мүшелерінің қатарына тарту үшін инклюзивтік мектептерде оқытудың қажеттілігі көрсетіледі; ғаріп балалардың жай мектепте оқуы үшін олармен арнайы психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу жұмысының қажеттілігі анықталып дәлелденді және жұмыс түрлері сипатталды; әлемдік психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу жұмысының қызметтері (өрістету, дамыту, ынталандыру, өтемділік, өрістету-түзету) айқындалды, психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу жұмысының деңгейлері анықталды; мәліметтерді жинақтау; баламен

психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу жеке және топтағы оқу үдерісін бақылау және жұмысын өткізетін педдагогтармен қарым-қатынастарды құру; баланың психикалық хал-ахуалын үнемі бақылауға алу; ғаріп баланың жалпы бағдарламадан бөлек ерекше бағдарламамен оқуын қадағалау.

Әдебиеттер тізімі

1. Комлев Н.Г. Словарь иностранных слов: более 4500 слов и выражений. – М.: ЭКСМО-Пресс, 1999. – 669 с.
2. Тер-Минасова С.Г. Язык и межкультурная коммуникация. Учеб. пособие для студентов, аспирантов и соискателей по спец. «Лингвистика и межкультурная коммуникация». – М.: Слово. – 2000. – 624 с.
3. Познание. Коммуникация: сборник работ / Т.А. ван Дейк. – М.: Прогресс, 1989. – 310 с.
4. Психолого-педагогическое сопровождение детей с особыми образовательными потребностями в общеобразовательной школе. Методические рекомендации. – Алматы. – 2019. – 118 с.
5. Джаниева Т.С., Орлова О.С. Становление национальной системы психолого-педагогической помощи лицам с ограниченными возможностями здоровья в Республике Казахстан // Педагогика и психология образования. - 2015 - № 4. - С. 97- 101.
6. Асфендияров С. История Казахстана (с древнейших времен). - Алматы, 1998.
7. Алехина С.В. Инклюзивное образование / С.В. Алехина, Н.Я. Семаго, А.К. Фадина. Выпуск 1. – М.: Центр «Школьная книга» – 2010. – 272 с.
8. Пханаева С.Н., Хамукова Б.Х. Сопровождение детей с особыми образовательными потребностями в общеобразовательной школе // Историческая и социально-образовательная мысль. – 2016. – Т. 8 № 5/3. – С. 203-207.
9. Белявский Б. В., Соловьева И. А. Изучение и образование лиц с ограниченными возможностями здоровья. // Специальное образование. – 2016. - № 2. - С. 5-14.
10. Бердникова А.Г. Психолого-педагогическое сопровождение как составляющая образовательного процесса // Сибирский педагогический журнал. - 2013. - № 5. - С. 241-244.
11. Семичева Э.И. Социально-психологическое сопровождение детей с особыми образовательными потребностями и их семей // Молодой ученый. – 2019. – №25 (263). - С. 434-436.
12. Малкина Т.С., Рифферт Л.И. Психолого-педагогическое сопровождение детей с особыми образовательными потребностями в современном образовательном учреждении // Материалы международной научно-практической конф. «Актуальные проблемы теории и практики инклюзивного образования». – 2016. – С.14-16.
13. Трохинова У.В., Зимина Е.В. Инклюзивное образование как фактор повышения качества жизни детей-инвалидов // Известия Иркутской государственной академии. – 2014. – № 3.
14. Смолярчук И.В., Толстошеина В.М., Вязова Н.В. Психолого-педагогическое сопровождение детей в инклюзивном образовании // Поволжский педагогический вестник. – 2014. - №1 (2).
15. Инклюзивное образование. Выпуск 1. – М.: Центр «Школьная книга», 2010. – 272 с.

References

1. Komlev N.G. Slovar' inostrannykh slov: boleye 4500 slov i vyrazheniy [Dictionary of foreign words: more than 4500 words and phrases] (EKSMO-Press, Moscow, 1999, 669 p.).
2. Ter-Minasova S.G. Yazyk i mezhkul'turnaya kommunikatsiya. Ucheb. posobiye dlya studentov, aspirantov i soiskateley po spets. «Lingvistika i mezhkul'turnaya kommunikatsiya» [Language and intercultural communication: Textbook allowance for students, graduate students and applicants for special. «Linguistics and intercultural communication.»] (Slovo, Moscow, 2000, 624 p.).
3. Van Dijk T.A. Poznaniye. Kommunikatsiya: sbornik rabot [Cognition. Communication: collection of works] (Progress, Moscow, 1989, 310 p.).

4. Psikhologo-pedagogicheskoye soprovozhdeniye detey s osobymi obrazovatel'nyimi potrebnostyami v obshcheobrazovatel'noy shkole [Psychological and pedagogical support of children with special educational needs in a comprehensive school]. Guidelines (Almaty, 2019, 118 p.).
5. Dzhanieva T.S., Orlova O.S. Stanovleniye natsional'noy sistemy psikhologo-pedagogicheskoy pomoshchi litsam s ogranichennymi vozmozhnostyami zdorov'ya v Respublike Kazakhstan [The formation of the national system of psychological and pedagogical assistance to persons with disabilities in the Republic of Kazakhstan], *Pedagogika i psikhologiya obrazovaniya* [Pedagogy and Psychology of Education], 4, 97-101 (2015).
6. Asfendiyarov S. Istoriya Kazakhstana (s drevneyshikh vremen) [History of Kazakhstan (since ancient times)] (Almaty, 1998).
7. Alekhina S.V., Semago N.Ya., Fadina A.K. Inklyuzivnoye obrazovaniye [Inclusive education]. Issue 1 (Center Shkol'naya kniga», Moscow, 2010, 272 p.).
8. Pkhanayeva S.N., Khamukova B.KH. Soprovozhdeniye detey s osobymi obrazovatel'nyimi potrebnostyami v obshcheobrazovatel'noy shkole, Istoricheskaya i sotsial'no-obrazovatel'naya mysl' [Accompanying children with special educational needs in a comprehensive school, Istoricheskaya i social'no-obrazovatel'naya mysl' [Historical and socio-educational thought], 5/3 (8), 203-207 (2016).
9. Belyavskiy B.V., Solov'yeva I.L. Izucheniye i obrazovaniye lits s ogranichennymi vozmozhnostyami zdorov'ya [The study and education of persons with disabilities], *Spetsial'noye obrazovaniye* [Special education], 2, 5-14 (2016).
10. Berdnikova A.G. Psikhologo-pedagogicheskoye soprovozhdeniye kak sostavlyayushchaya obrazovatel'nogo protsessa [Psychological and pedagogical support as a component of the educational process], *Sibirskiy pedagogicheskij zhurnal* [Siberian Pedagogical Journal], 5, 241-244 (2013).
11. Semicheva E.I. Sotsial'no-psikhologicheskoye soprovozhdeniye detey s osobymi obrazovatel'nyimi potrebnostyami i ikh semey [Socio-psychological support of children with special educational needs and their families], *Molodoy uchenyy* [The young scientist], №25 (263), 434-436 (2019).
12. Malkina T. S., Riffert L. I. Psikhologo-pedagogicheskoye soprovozhdeniye detey s osobymi obrazovatel'nyimi potrebnostyami v sovremennom obrazovatel'nom uchrezhdenii [Psychological and pedagogical support of children with special educational needs in a modern educational institution], *Materialy mezhdunarodnoy nauchno-prakticheskoy konf. «Aktual'nyye problemy teorii i praktiki inklyuzivnogo obrazovaniya»* [Materials of the international scientific and practical conf. «Actual problems of the theory and practice of inclusive education], 2016. – 14-16 p.
13. Trokhirova U.V. Zimina Ye.V. Inklyuzivnoye obrazovaniye kak faktor povysheniya kachestva zhizni detey-invalidov [Inclusive education as a factor in improving the quality of life of children with disabilities], *Izvestiya Irkutskoy gosudarstvennoy akademii* [Bulletin of the Irkutsk State Academy], 3 (2014).
14. Smolyarchuk I.V., Tolstosheina V.M., Vyazova N.V. Psikhologo-pedagogicheskoye soprovozhdeniye detey v inklyuzivnom obrazovanii [Psychological and pedagogical support of children in inclusive education], *Povolzhskiy pedagogicheskij vestnik* [Volga Pedagogical Bulletin], 1 (2) (2014).
15. Inklyuzivnoye obrazovaniye [Inclusive education]. Issue 1 (Center «Shkol'naya kniga», Moscow, 2010, 272 p.).

Z. Sagatbekkyzy

L.N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan

The activities of the social teacher in psychological and pedagogical support of children with special educational needs in the adaptation to society

Abstract. The article describes measures to improve the situation of social groups and children with disabilities who are subjected to violence, discrimination, and degrading treatment by able-bodied, healthy, sane people in society. The study has been written in order to describe the role of the social educator and the types of psychological and pedagogical support for the adaptation of children with special educational needs to society.

According to the results of a scientific study, in some cases, a discriminatory and abusive attitude towards people with disabilities, representatives of other nationalities, members of low-income society has been revealed.

It is indicated that there is the necessity of teaching children with disabilities in inclusive schools in order to make them feel as a full members of society; it is revealed that there is the need for special psychological and pedagogical support for children with disabilities for learning in a regular school.

The authors have considered the functions of psychological and pedagogical support (disclosure, development, stimulation, compensation, disclosure - correction), the levels of psychological and pedagogical support, regular monitoring of the child's mental state; monitoring the learning process of a disabled child individually and in groups. Applicable methods of the study are description, analysis, control methods.

Key words: children with disabilities, inclusive school, compensation services, correctional and developmental services, children with special educational needs, mainstreaming.

Ж. Сағатбекқызы

Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, Нур-Султан, Казахстан

Деятельность социального педагога по психолого-педагогическому сопровождению детей с особыми образовательными потребностями в адаптации к обществу

Аннотация. В статье описываются меры по улучшению положения социальных групп и детей-инвалидов, которые подвергаются насилию, дискриминации, унижающему достоинство обращению со стороны способных постоять за себя, здоровых, здравомыслящих людей в обществе. Исследование написано в целях описания роли социального педагога и видов психолого-педагогической поддержки для адаптации детей с особыми образовательными потребностями к обществу.

По результатам научного исследования в некоторых случаях выявлено наличие дискриминационного и оскорбительного отношения к инвалидам, представителям других национальностей, членов общества с низкими доходами.

Указывается необходимость обучения детей-инвалидов в инклюзивных школах в целях вовлечения их в полноправные члены общества; выявлена необходимость специальной психолого-педагогической поддержки детей с ограниченными возможностями для обучения в обычной школе. Исходя из этого, рассматриваются функции психолого-педагогической поддержки (раскрытие, развитие, стимулирование, компенсация, раскрытие-коррекция), уровни психолого-педагогического сопровождения, регулярный мониторинг психического состояния ребенка; контроль за процессом обучения ребенка-инвалида индивидуально и в группах. Использованные методы: описание, анализ, методы контроля.

Ключевые слова: дети-инвалиды, инклюзивная школа, компенсационные услуги, исправительно-развивающие службы, дети с особыми образовательными потребностями, мейнстриминг.

Автор жайлы мәлімет:

Сағатбекқызы Ж. – «8D01823 – Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану» мамандығының 1 курс докторанты, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан.

Sagatbekkyzy Z. – the 1st year doctoral student in Social Pedagogy and Self-Knowledge at L.N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan.